

**Н. С. СЕМБИЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯ  
КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫСЫ, ПОЛИЦИЯ КАПИТАНЫ**

**Есірткі, психотропты заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымына  
байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу себептері мен  
шарттары**

*Аннотация. Мақалада қазіргі заманда есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымын, есірткінің таралуында табиғи қақтығыстарды және сонымен байланысты жағымсыз әсерлерді, криминологиялық тұрғыдан зерттеулері қарастырылады.*

*Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, есірткі, себеп, заңсыз айналым.*

Себеп, бұл — заттар мен құбылыстардың байланысының бірі. Басқаша айтқанда, «генетикалық», яғни қандай да бір құбылыстың, әрекеттің пайда болу фактісін анықтайды.

Себеп құбылысты тудырады, салдарын туындатады. Құбылыс үшін себептің шарты керек, бірақ шарт өздігінен салдарды тудырмайды, олар тек қылмыстың болуы мүмкін шартын жасайды.

Профессор М. Д. Шаргородскийдің пікірі бойынша «қылмыстылықтың себебін, оның пайда болуына және өмір сүруіне керек жағдайын айтады. Белгілі бір қылмыстың себебі — бұл субъектіде қылмыс жасауға қызығушылығы мен ниетін тудыратын белсенді күштер».

Есірткі, психотроптық заттарды заңсыз айналымының себебін зерттеуге келетін болсақ, объект пен субъект арасындағы байланыстың әдістемелік түсінігінен қарастырамыз. Олар екі жақтың бір-бірін толтыратын екібіріктілігімен сипатталады.

Адам әрекетінде сыртқы факторлардың әсері бірден байқалмайды, ол бірте-бірте және бағыттталып қадағаланады, өзін-өзі басқару жүйесі заңға сәйкес өзгереді, ішкі әсермен араласады.

Өзара іс-қимылдың, сонымен қоса себептің екі түрін атап өтуге болады: а) ішкі мен сыртқы факторлардың араласуы (объективті фактордың субъективті фактормен, орта мен тұлғаның); б) элементтердің ішкі араласуы, өзара іс-қимыл факторының әрқайсысының ішіндегі үрдісі.

Есірткі айналымы жекеленген заңсыз айналымның жағдайын, жеке қылмыстың себебін қарапайым статистикалық жалпылаудан гөрі қиынға соғады. Осындай танымдық тәсілдерді қолданудың ғылыми негізділігі типтік детерминация желілерін, сонымен қоса жеке қылмыс түрлерінің, осы түрдегі қылмыстың, әртүрлі аумақтағы қылмыстың және т. б. себептерін зертеуге жиі қолдануда.

Жай статистикалық жалпылаудан заңсыз есірткі айналымының себептері жалпы және кешенді сипатын анықтау, жеке қылмыстың жалпы шолу жасау. Аталмыш танымдық тәсілдерді қолданудың ғылыми ерекшеліктері, соның ішінде типтік жеке детерминант, сонымен қоса басқа қылмыстардың, жеке қылмыстардың, жекеленген аудандардағы қылмыстардың және т. б. себептері айтарлықтай орын алуда.

Қазіргі заманда есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымын тек қана тіркеу жеткіліксіз. Әлеуметтік құбылыстарды, қоғамның қалыпты өмір сүруіне қарсы келетін және есірткінің таралуына жағдай жасайтын табиғи қақтығыстарды және сонымен байланысты жағымсыз әсерлерді терең зерттеу қылмыспен күресуге үлкен көмек көрсетеді.

Бірақ, есірткінің таралу себебі мен жағдайын білмей, онымен тиімді түрде күресу мүмкін емес. Қоғамның есірткі заттарына құмартуын, жеке тұлғалардың заңсыз айналымға қатысын және еліміздегі есірткі жағдайы қылмыспен күресуге көптеген қиындықтар

тудырады, осыған байланысты тек құқық қорғау органдарының күші ғана жетеді деген қате түсінік.

Қазақстанға есірткінің қаншалықты қауіпті екенін қоғам әлі толық түсінген жоқ. Оны тіпті тәрбие жұмыстарымен айналысатын, бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін, басқару органдарында жұмыс істейтін адамдардың өзі толық сезінген емес. Оларды қазіргі қиын заманда өздеріне қосымша жүк алуды қаламаушылық сезімі басым. Алайда, осының бәрі қазіргі және болашақ ұрпаққа қауіп төндіруде.

Есірткі заттарының заңсыз айналымының себебінің түп негізі әлеуметтік сипат және әлеуметтік жүйеге әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардан тұрады. Сондықтан криминологиялық тұрғыда қылмыстың, соның ішінде есірткі қылмыстарының пайда болуына, алғы шарты болатын, жүзеге асуына, өзгеруіне септігін тигізетін құбылыстар мен іс-әрекеттерді анықтау маңызды рөл атқарады.

Қылмыстың себебі — бұл әрдайым экономикалық, әлеуметтік, психологиялық құбылыстар мен әрекеттер болады. Ол өзінің біріктірілген детерминантында өз қорытындысы ретінде барлық қылмысқа тән. Соның ішінде, есірткімен байланысты қылмыстарға тән әлеуметтік тұрғыда өзіндік себептер бар. Жеке (топтық) деңгейде жалпымен қоса, жеке де себептер орын алады. Қорыта келе, барлық есегіртетін заттарды қолданар алдында саналы түрде болсын, болмасын өзінің қайғысын, қорқынышын ұмыту (дем алу) болады, шынайы өмірден немесе тұлғалар мен қоғам арасындағы жан-жалдардан қашып кету (кетіп қалу) мақсатында қолданады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде есірткіні тудыратын және таралуына себеп болатын үш жағдайды атап өтуге болады, олар: әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушы-басқарушылық және мәдени-тәрбиелік.

Біздің ойымызша, әлеуметтік-психологиялық жағдайға жастардың ойына және санасына ұзақ уақыт бойы әсер етіп келе жатқаны жағымсыз қоғамның психологиялық құбылысы. Біз жоғарыда атап өткендей, есірткі – негізінен жастардың мәселесі. Көп жылдар бойы социализмның догматикалық концепциясы жастардың этикалық-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына кері әсерін тигізіп келді. Жалпы ортақ өтірік, екіжүзділік пен конформизм әсерінен жастардың жақсылыққа сенімі азайып, оларды адамгершіліктен жұрдай етеді. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жұмысы толығымен формальды болып кетті. Әлеуметтік-психологиялық жағдай әлеуметтік негізде, әлеуметтік қатігездікте, теңсіздікте, заңсыздықта және тәртіпсіздікте туындаған. Адамдар осындай жағдайларға жолығып, әділеттілікке және жоғарыда айтылатын сөздерге, мінбеден айтылатын ұрандарға, лозунгтерге және бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттарға сенуден қалды.

Сенімсіздік көптеген философиялық тұтынушылықты, рухани дүниенің болмауын, немқұрайлықты, бөлектенуді, «тәтті өмірдің» артынан қуу, қылмыстылықтың көбеюіне және басқа да жағымсыз жағдайларға әкеп соғатын толық бір бағдарламаны дүниеге әкелді. Осы жағдайда ең әлсіз болып жастар мен жасөспірімдер танылады. Олар тым ерте жастарынан бастап, шынайы өмір мен олардың бала өмірлерінің айырмашылығын көрді, оларды қоршаған орта өтірік пен жалғандыққа: ата-аналар, мұғалімдер, бұқаралық ақпарат құралдары бір нәрсені айтып және жазып, ал өмірде бәрі басқаша екенін; қоғам тыйымдарға толы, бірақ жағымды идеалдарға кедей. Бұл скептицизм, руханиаттың болмауын, жайбасарлыққа, бәрлық нәрсені ұмытып, есірткі мен спирттік ішімдіктерден «рахатты», «жағымды сезімді» сезінуге деген ұмтылысты тудырады.

Жастар мен жасөспірімдердің арасында есірткі заттардың таралуында маңызды рольді мода, еліктеу (темекіге, киімге, биге, «жындарға», аз таралған діндерге (кришнаизм) және басқа да есірткі заттарды қолданудан пайда болатын таңғажайыпқа еліктеулер), ортадан қалмау орын алады.

Есірткі заттарынан физикалық және психикалық тәуелділікке ұшырап, өзінің барлық жиған тергенін ысырап еткен адамдар жиі қылмысқа барады, кейде есірткіні тарату бизнесмендер арқылы жүзеге асырылады. Біздің зерттеулеріміздің қорытындысы бойынша

есірткіні қолданатындардың 80 %-ы көптеген қылмыстар жасаған. Әдетте, зорлық пайдакүнемдікпен елімізге есірткіні кіргізу және тарату мақсатында.

Есірткінің таралуының себебі мен шарты есірткі, психотропты заттардың заңсыз дайындалуына, сатып алуына, сақтауына, тасымалдауына, біреуге беруіне, өткізуге, ұрлап алуға және қолдануға жағдай жасайтын криминогендік факторлар болып табылады. Есірткі заттар мен психотропты заттардың таралу себебін ескере отырып, оларды жүзеге асыру барысында қауіпсіз пайда табу, сонымен қоса, есірткі бизнесі заңды бизнестің барлық саласы ретінде қызмет ететінін айта кеткен жөн. Ерекшелігі — осы жердегі нақты күрес, физикалық зорлық, өлім, бұрын соңды болмаған қаталдықпен қатар жүретінін де атап көрсетуге болады. Үлкен қаражатқа, оңтайлы жағдайға ие бола отырып, пайда адамгершілік қасиеттен жоғары тұрғанда, пайда барлық қылмыстардан, сонымен қоса мафиямен бірігуден түсіп отырған кезде есірткі заттарын сатушылар оларға керекті барлық адамдарды, соның ішінде құқық қорғау органдары мен билік органдарындағы адамдарды сыбайлас жемқорлыққа иландыруы мүмкін.

Сонымен қоса, есірткі, психотропты заттардың, сол тектестердің таралуына септігін тигізетін жағдайларға мыналарды жатқызуға болады:

- халықаралық қатынастардың кеңейюі;
- мемлекеттің, құқық қорғау органдарының, қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастырушылық-құрылымдық негіздерінің есірткі заттар мен психотропты заттардың, сол тектестердің таралуына қарсы күресуге сәйкес келмеуі;

- есірткі мафиялары, "қара базар" немесе басқа жолдар арқылы есірткі заттарын заңсыз шығару мен кіргізу, сондай-ақ заңсыз өткізу мүмкіндігі;

- есірткі заттарының тасымалдауымен байланысты жасалған құқық бұзушылықтарға жауаптылық көзделген заңнамадағы айтарлықтай қателіктер мен мәселелер;

- морфий және героин секілді заттардың 60 %-ның шикізаты болатын, есірткі заттарының шикізат қоры болып табылатын жабайы табиғатта өсетін конопля, опий мактарын жоюға міндеттелген уәкілетті органдардың өз құзіретін тиісті түрде атқармауы;

- есірткі заттарын өндіретін елдердегі оларға деген бағаның төмендігі, есірткіні сатып алушы елдердегі баға санының жоғары болуы, ал оны өңдеуші елде пайданың аз болуымен сипатталады. Осындай жағдай бұрын соңды бұл бизнес түрімен айналыспайтын адамдардың заңсыз есірткі айналымының операциясына кіруіне септігін тигізеді;

- кадр аппараттарының өз жұмыстарын жеткілікті дәрежеде атқармауы қызмет бабы бойынша шет мемлекетке бірнеше рет өткен, шекара бекеттері арқылы өтетін жүк көліктеріне; ол жерде есірткі заттардың шығу табиғатын зерттей алатын жедел медициналық сарапшының жоқтығының салдарынан кінәлі адамдарды дер кезінде жауапқа тарту мүмкін емес және есірткі заттарымен байланысты қылмыстар үшін жауаптылықтың жоқтығын тудырады; құқық қорғау органдарының есірткі заттары мен соған байланысты қылмыстарды алдын алуда, ашуда, жолын кесудегі атқарылатын жұмыстардың толыққанды дәрежеде жүзеге аспауы есірткінің таралуына жағдай жасайтын ортаны тудырады;

- шекаралық бекеттен өтетін есірткі заттардың тасымалдауын жедел түрде анықтау жауапты тұғалардың арнайы дайындық деңгейінің және арнайы материалдық-техникалық құралдардың жеткіліксіздігінен қиынға соғу;

- халықтың осы заттардың денсаулыққа қаншалықты зиян келтіретінін және сол қылмыстарға жауаптылық көзделгені туралы жеткілікті дәрежеде ақпараттанбауы;

- есірткінің таралу мәселесіне байланысты арнайы және жалпы кітаптардың, әлеуметтік зерттеулер қорытындысы, эмпирикалық мағлұматтардың терең анализінің жетіспеуі;

- есірткі мен психотропты заттардың, сол тектестердің таралуының мәселесі бойынша ақпараттардың терең анализін қарап отырып, есірткі қолданушылардың жанындағы адамдардың оларға әсерінің әлсіздігін, есірткі заттармен байланысты тіркеулерде қылмыстың өлімге әкеп соқтыруы жиі кездесетінін, есірткімен байланыс халық арасындағы есірткі қолданушылардың көбеюіне әкеп соқтыратынын байқауға болады.

Бұл әрекеттердің қоғамға қауіптілігі олардың, зиян келтірумен немесе көптеген адамдардың денсаулығына және қоғамның өнегелі бастауларына зиян келтіру қаупін төндірумен сипатталады.

Бірақ, бұл жерде үлкен жұмыс түр: әлеуметтік алдын алу шарасын айтарлықтай түрде жақсарту, жауаптылықтың міндетті түрде болатынын көрсету, мемлекет ішілік нормативтік қорды ғана емес, сонымен қоса, халықаралық нормативтік қордыда жетілдіру қажет.

### ***Резюме***

В статье рассматривается криминологическая оценка причин наркотизации населения, личности участника незаконного оборота наркотиков и наркотической ситуации в стране, трудности, стоящие на пути преодоления наркотизма.

### ***Resume***

Based on the analysis of legal literature, the author identified the reasons and conditions that contribute to the commission of crimes related to illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances.